

Ата-аналарға арналған кеңес

«Жаңа жыл – баланың жүрегіндегі ертегі»

Құрметті ата-аналар!

Жаңа жыл – балалар үшін таңғажайыпқа, ертегіге, сыйлыққа толы ерекше мереке. Мектеп жасына дейінгі баланың Жаңа жылға қалай дайындалуы – оның эмоционалды дамуына, қиялына, отбасыға деген сеніміне әсер етеді. Сондықтан дайындық кезеңін бала үшін есте қаларлық, жылы әрі мағыналы ету – ең басты міндет.

1. Баламен бірге дайындықты бастаңыз

- Жаңа жыл туралы ертегілер оқыңыз. Бұл баланың мерекеге деген қызығушылығын оятады.
- Әсем әндер тыңдаңыз, қыс мезгілі жайлы өлең жаттаңыз.
- Балаңызға «Жаңа жылда не күтесің?» деген сұрақ қойып, армандары мен үміттерін тыңдаңыз.

2. Қолөнермен айналысыңыз

- Қағаздан қар ұшқыны, шырша, ойыншықтар жасаңыз.
- Өртүрлі материалдарды қолданып (мақта, фольга, мата), шығармашылық белсенділікті арттырыңыз.
- Жасаған бұйымдарын балабақшаға апарып, мақтануға мүмкіндік беріңіз.

3. Аяз Ата мен Ақшақарға сенім

- Бала Аяз Атаға хат жазсын (сурет салып, не қалайтынын айтсын).
- Бұл – баланың сөздік қорын, жазу дағдысын, шығармашылығын дамытады.
- Ертеңгіліктен кейін: «Сенің тақпағың ұнаған соң, Аяз Ата сыйлық қалдырды» деп айтып, өз еңбегінің жемісін сезінуге көмектесіңіз.

4. Үй атмосферасын ерекше етіңіз

- Үйді балаңызбен бірге безендіріңіз.
- Қарапайым міндеттер беріңіз: шам жағып қою, үстелге майлық әкелу, ойыншық ілу.

- Бұл – жауапкершілікке үйретудің, отбасылық қарым-қатынасты нығайтудың жолы.

5. Мереке күнін жеңіл ұйымдастырыңыз

- Бала көп шаршамайтындай, мерекені қысқа, мазмұнды етіп өткізіңіз.
- Ойындар ұйымдастырыңыз: «Сиқырлы дорба», «Шыршаны безендір», «Кім бірінші қар жинайды?»
- Баланың жас ерекшелігі мен эмоциялық жай-күйін ескеріңіз.

☐ Ұмытпаңыз:

- Бала үшін ең үлкен сыйлық – ата-анасының назары мен махаббаты.